«Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Усть-Таловка кенті әкімінің аппараты» ММ сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау жүргізудің аналитикалық анықтамасы

«Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Усть-Таловка кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жұмыс тобы 2021 жылғы 4 айға келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық қаупіне ішкі талдау жүргізді:

1) Усть-Таловка кенті әкімі аппаратының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау;

2) «Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кенті әкімінің аппараты» ММ ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау.

Усть-Таловка кенті әкімі аппаратының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

«Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтердің төрт түрін жүзеге асырады:

1) Жер телімінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

2) Сауданы (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді қажет етпейтін мемлекеттік меншіктегі жер телімдеріне құқықты сатып алу;

3) Бұрын жерді пайдалануға берілген жер телімін жеке меншікке сату;

4) Жер телімін алуға кезекке қою.

Осы мемлекеттік қызметтер бойынша 2021 жылғы 4 айда 14 мемлекеттік қызмет бұзушылықсыз, арызданусыз көрсетілді.

2021 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 14 мамырға дейінгі кезеңде 54 мемлекеттік сатып алу жүргізілді, оның ішінде бағалық ұсыныстарды сұрау әдісімен - 10, конкурс – 5, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден тәсілімен - 39.

2021 жылғы 14 мамырдағы «Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кенті әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызметшілер саны: штат бойынша 9 бірлік, іс жүзінде – 5, бос орын – 4 бірлік.

Теріс негіздер бойынша босатылған мемлекеттік қызметшілер жоқ. Жеке бас мүдделері лауазымдық өкілеттікті дұрыс орындамауға әкелетін мемлекеттік лауазымдағы тұлғалардың жеке бас мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттігі арасында қайшылықтар жоқ.

Усть-Талдовка кенті әкімінің аппаратында көрсетілген кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазаға тартылғандар жоқ.

Мемлекеттік қызметке алынған тұлғалар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес.

Мемлекеттік қызметшілер еңбек тәртібін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілері әдеп кодексінің талаптарын сақтайды.

«Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кенті әкімінің аппараты» ММ барлық мемлекеттік қызметшілері 2018 жылғы 15 маусымдағы №36 әкімнің өкімімен бекітілген біліктілік талаптарға сәйкес жұмыс жасайды.

Мемлекеттік қызметшілердің оқудан, біліктілігін арттырудан өту мерзімдері мен тәртібі сақталады. 2021 жылғы қаңтардан мамырға дейінгі кезеңде Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау

және біліктілігін арттыру өңірлік орталығында 4 мемлекеттік қызметші (С.Н.Синицына, Р.Ш.Абюров, Н.В.Елизарова, К.А.Кадырова) оқудан өтті.

Еңбек тәртібін бұзу фактілері жоқ. Мемлекеттік қызметте шектеулерді сақтауды бұзушылық жоқ.

Жұмыс тобының төрағасы **А.Боровикова**

Жұмыс тобының мүшелері **С. Синицына**

Н. Елизарова